

Ойыл

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ

«БІРЛІК. ЖАСАМПАЗДЫҚ. ӨРЛЕУ» АТТЫ XXXIII СЕССИЯСЫН ӨТКІЗДІ

ПРЕЗИДЕНТТИҢ ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ XXXIII СЕССИЯСЫ ӨТТІ. ЖИЫНҒА ПАРЛАМЕНТ СЕНАТЫНА ҚҰА ҚАТАРЫНАН САЙЛАНҒАН ДЕПУТАТТАР, РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭТНОМӨДЕНИ БІРЛЕСТІКТЕРДІҢ ЖЕТЕКШІЛЕРІ МЕН МҮШЕЛЕРІ, АССАМБЛЕЯНЫҢ ЕРКІТІЛЕРІ, СОНДАЙ-АҚ БЕЙНЕБАЙЛАНЫС АРҚЫЛЫ ҰЙЫМНЫҢ Өңірлердегі делегаттары қатысты.



Қасым-Жомарт Тоқаев, ең алдымен, еліміздің бірнеше аймағындағы табиғат апаты салдарын еңсеру үшін жүргізіліп жатқан ауқымды жұмыстарға тоқталып, су тасқыны басталғаннан бері Қазақстан халқы Ассамблеясы да ортақ істен шет қалмай, белсенді әрі үйлесімді жұмыс істеп жатқанын атап өтті. Мұның бәрі өзара жанашыр және тілеулес болудың айқын көрінісі екенін айтты.

Президент түрлі сын-қатерге қарамастан, еліміз стратегиялық мақсат-міндеттерінен айнымайтынына назар аударды. Оның айтуынша, аз уақыт ішінде жүргізілген саяси реформалар нәтижесінде биліктің барлық тармағы адамның заңды мүддесін, құқығы мен еркіндігін қорғауға және оны ілгерілетуге негізделген жаңа жүйе бойынша жұмыс істей бастады. Ендігі міндет – әділдік, инклюзивтілік, прагматизм қағидаларына негізделген және халықтың әл-ауқатын арттыруды көздейтін жаңа экономика үлгісіне көшу.

Бұл орайда Қасым-Жомарт Тоқаев Ассамблеяның бүгінгі сессиясы «Бірлік. Жасампаздық. Өрлеу» деп аталғанын, барша халқымыздың стратегиялық бағдарының түпкі мәнін осы үш ұғым дәл әрі нақты білдіретінін, бірлік пен ынтымақ басты құндылығымыз және мемлекеттік саясаттың бұлжымас бағдары болып қала беретінін айтты.

Президент осы мақсатқа жету үшін орындалуға тиіс бірнеше өзекті міндетке арнайы тоқталды.

Қасым-Жомарт Тоқаев, ең алдымен, Ассамблея жұмысын еліміздің жаңа гуманитарлық идеологиялық доктринасымен үйлестіру қажет деп санайды. Сонымен қатар Президент бұгінде жаһандық катаклизм белең алып, түрлі мемлекеттер арасында әскери-саяси, сауда-экономикалық текетірес, тіпті мәдени-гуманитарлық тартыс күшейіп бара жатқанына тоқталды. Мемлекет басшысы қоғамда ұлтына қарай ерекшеленуге, оқшаулануға ұмтылған кез келген әрекетке, әсіресе, азаматтарды тіліне, ұлтына, дініне немесе мәдениетіне бола арандатуға, я болмаса кемсітуге мүлде жол бермейтін орта қалыптастыру маңызды екенін айтты.

Президент Ассамблеяның институционалдық әлеуетін нығайту мәселесіне арнайы тоқталып, Ұйымның мемлекеттік органдармен, Парламентпен және мәслихаттармен қарым-қатынасын жақсарту керек екенін атап өтті. Бұл ретте Қасым-Жомарт Тоқаев Ассамблея жетекшілеріне мемлекеттік шешім қабылдау үдерісіне және реформаларды ілгерілету ісіне белсене қатысу, этно-әлеуметтік шиеленіс ошақтарын анықтау және ондай оқиғалардың алдын алуға баса мән беру, Ассамблеяны әлеуметтік тұтастық пен отаншылдықты дәрiптiетiн институт ретiнде нығайту мiндеттерiн жүктедi. Мемлекет басшысы сөзiн қорытындылай келе, елiмiз соңғы жылдары аса күрделi сынақтардың тағы бiр тарихи кезеңiн бастан өткерiп жатқанын айтып, бiрлiк пен ынтымақтың арқасында бұл қиындықтың бәрiн жеңетiнiмiзге, шынығып, ширап, бұрынғыдан да мықты болып шығатынымызға сенiм бiлдiрдi.

– Тарих тоғыстырған тағдырымыз – бiр, сенiммен қадам басатын келешегiмiз – бiр. Бiз бiртұтас ұлт ретiнде әрдайым бабалар аманатына адал боламыз. Қасиеттi қара шаңырағымыз – Қазақстанның жарқын болашағын бiрге жасаймыз. Бiздiң мақсатымыз – айқын, бұл – Әдiлеттi Қазақстанды құру. Мен Қазақстан Республикасының Тәуелсiздiгiн қорғауды Президент ретiндегi ең басты мiндетiм деп санаймын, – дедi Қасым-Жомарт Тоқаев.


Салтанатты жиында Республикалық тәжiк этномәдени орталығының төрағасы Ақбаржон Исмаилов, ҚҰА Төрағасының орынбасары, Қазақстан корейлерi қауымдастығының президентi Юрий Шин, «Ассамблея жастары» республикалық қоғамдық ұйымының төрағасы Тимур Жұмырбаев, Қарағанды облысындағы «Ассамблея жастары» ұйымы өкiлдiгiнiң төрағасы Александр Урмашов, Жетiсу облысындағы Достық үйiнiң директоры Руфина Усанова сөз сөйледi.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Президентiнiң Жарлығымен халықтар арасында бейбiтшiлiктi, достық пен ынтымақтастықты нығайтуға, мемлекеттiк тiлдi дамытуға сiңiрген еңбегi үшiн бiрқатар азаматқа мемлекеттiк наградалар табысталды.

Атап айтқанда, II дәрежелi «Достық» орденiмен Астана қаласы Қайырбеков атындағы №2 мектеп мұғалiмi Елизавета Шнайдер, «Ел бiрлiгi» орденiмен «Қазақстан украиндарының радасы» бiрлестiгiнiң төрағасы Юрий Тимошенко, мемлекет және қоғам қайраткерi Мурат Ахмадиев, «Дуслик» Қазақстан өзбектерiнiң этномәдени қауымдастығы төрағасының орынбасары Хасан Шарипов, «Ерен еңбегi үшiн» медалiмен Степногорск балалар мен жасөспiрiмдер спорт мектебiнiң оқытушысы Николай Дураченко, Атырау қалалық №3 мектеп-гимназиясының мұғалiмi Татьяна Любина, «Шапағат» медалiмен Өскемен металлургия кешенi Мырыш зауытының күйдiрушi Сергей Панасюк, Ұлытау облысы Қоғамқұлов атындағы қазақ музыкалық-драма театрының аккомпаниаторы Аркадий Побединский, Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының бөлiмше командирi Кирилл Пономаренко, Ақмола облысы Арайлы ауылы орта мектебiнiң мұғалiмi Анастасия Ирубеева марапатталды.

Бұған қоса, Қазақстан халқы Ассамблеясы Шығыс Қазақстан облысы ғылыми-эксперттiк тобының төрағасы Нелли Краснобаеваға, Қарағанды облысындағы «Ассамблея жастары» өкiлдiгiнiң төрағасы Александр Урмашовқа, Жетiсу облысы «Қоғамдық келiсiм» мекемесiнiң басшысы Руфина Усановаға Қазақстан Республикасы Президентiнiң Алғысы жарияланды.

ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ АСҚАР ҚАЙЫРҒАЛИҰЛЫ
ҚАЗЫБАЕВТЫҢ АУДАН ХАЛҚЫН 1 МАМЫР - ҚАЗАҚСТАН
ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ



Қадірлі ойылдықтар!

Сіздерді 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Халық бірлігі – қасиетті сөз. Қашанда елдің ауыз бірлігі сақталған жерде несібеміз бен құт - берекеміз артып отырғанына тарихымыз куә.

1 - мамыр бұл - шынайы жалпыхалықтық мереке, отаншылдығымыздың туған жерге деген сүйіспеншілігіміз бен адалдығымыздың жарқын символы болып саналады. Бірлік пен келісімнің маңыздылығын толық ұғыну – еліміздің үйлесімді әрі орнықты дамуының негізгі факторы. Бірлік, достық және өзара сыйластық болған кезде ғана кең байтақ ортақ отанымыз қазақ елі – мол байлық пен бақ - берекеге кенелетіні сөзсіз. Ел бірлігі, достық пен бауырмалдық, бейбіт күннің, татулықтың темірқазығындай ең басты құндылық – бекем бірлік біздің баға жетпес байлығымыз болып табылады.

Қадірменді ағайын!

Ел басына күн туған қилы замандарда да халқымызды ұлт ретінде сақтап қалған осы ынтымағымыз бен бір - бірімізге деген бауырмалдығымыз. Биылғы алапат су тасқыны кезінде Ел бірлігінің жемісіне шынайы куә болдық. Еліміздің түпкір-түпкірінен келген көмек те табиғи апаттан келген залалдың орнын толтыруға сеп болып жатыр. Біз осындай дархан пейіліміздің арқасында, бүкіл әлемге ынтымағы жарасқан, халқының пейілі көң ел ретінде танылды.

Бір шаңырақтың астындағы халқымыздың достығы мен өзара түсіністігі одан әрі жалғасып, еліміздегі татулық әрдайым берік болып, қашан да ынтымақ, бірлік мәңгі жасай берсін!

Бірлігіміз бекем болсын ардақты ағайын!

Ігі тілекпен, Ойыл ауданының әкімі
Асқар Қайырғалиұлы Қазыбаев

ОЙЫЛ АУДАНЫҚ ҚОҒАМДЫҚ ШТАБЫНЫҢ ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛДАУШЫЛАРҒА ҮНДЕУІ!

Кешегі алапат су тасқыны кезінде Қазақ халқының бірлігі - көз алдында бар жиганы суға ағып кеткен біздің жерлеріміздің де еңсесін түсірмеді, езілмеуіне сеп болды. Әсіресе, Алматы мен еліміздің оңтүстік өңірінен жеткен көмекте есеп жоқ. Жұрт болып жұмылды. Әркім барын ұсынды. Өлі де келіп жатыр. Зардап шеккендерге мемлекет тарапынан да мейлінше қамқорлық жасалып жатыр. Дегенмен, қазақ халқында «тас түскен жеріне ауыр» - деген сөз бар. Яғни, табиғи апаттың зардабын Біз бірге тартып отырмыз! Сондықтан, салмағын да бірге көтеруіміз керек! Бұрын-соңды Ойыл өңірінде болмаған жойқын тасқыннан келген зардап көп. Оның бәрін бір күнде, бір айда қалпына келтіру мүмкін емес! Оның ішінде Ойыл ауданының күре тамыры автокөлік жолының бүлінген жерлерін қалпына келтіру үшін мемлекет тарапынан қыруар қаражат бөлініп отыр. Рас, «жол азабын жүрген біледі». Жолдың кейбір тұстары уақытша қалыңа алынды. Дегенмен, осындай сәтте жолдың қиындығын сылтау қылып, Ақтөбе қаласына жолаушылар тасымалдаушылардың бағаны көтеруі қисынға келе ме? Қазақта «Қарау адам қара басының қамын ойлайды!» - дейді. Бір ауылдың ауасын жұтып, суын ішкен жерлердің бір-біріне демеу болуы осындайда көрінсе керек! Киелі өлке Ойылдың халқы қашанда бірлікті ту етіп, қандай қиындықты да ел болып еңсерді. Біз бұл күннен де бірлігімізді бекем, еңсемізді тік ұстап өтеміз!

САҰЛАУ 2024

ОЙЫЛ АУДАНЫ ҚАРАОЙ
АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМДІГІНЕ
ҮМІТКЕР

**ДОСАНОВ АЙДАР
ҚОСАЛҰЛЫНЫҢ
ӨМІРБАЯНЫ**



Досанов Айдар Қосалұлы 1978 жылдың 28 қарашасында Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Қараой ауылында дүниеге келген. 2002 жылы Ақтөбе қаласындағы Қ.Жұбанов атындағы мемлекеттік университетін «Еңбек және бизнес негіздері» мамандығы бойынша аяқтаған.

1999-2012 жылдары Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Қараой мектеп балабақшасының еңбек пәнінің мұғалімі болып қызмет атқарған.

2012-2014 жылдары Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Қараой мектеп балабақшасының мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары болып қызмет атқарған.

2014 жылдан бастап осы күнге дейін Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Қараой мектеп балабақшасының еңбек пәнінің мұғалімі болып жұмыс жасауда.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

ҚҰРМЕТТІ АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫ!

1. Халықтың әл-ауқатын көтеру бағытында жұмыс жасап, әлеуметтік мәселелерді үнемі назарда ұстаймын.
2. Адамның басты капиталы – білім. Осы тұрғыда округтегі білім беру ұйымдарымен үнемі байланыста болып, оқушылардың түрлі деңгейдегі байқауларға қатысуларына жағдай жасаймын.
3. Округ тұрғындарын рухани қолдау бағытында ауыл кітапханасы мен мәдениет үйі жұмыстарының жандануын назарда ұстай отырып, тиісінше қолдау көрсетемін.
4. Аз қамтылған, көп балалы отбасыларды, мүмкіндігі шектеулі жандарды назардан тыс қалдырмай, қамқорлық жасаймын.
5. Округтің санитарлық тазалығын үнемі бақылауда ұстап, көгалдандыру мен абаттандыруға жұмыс жасаймын.
6. Болашақ жас ұрпақтың еншісінде. Демек, ауыл жастарының спортпен шұғылданып, түрлі жарыстарға қатысуларына жағдай жасаймын. Жастардың ауылда тұрақтауына жағдай жасай отырып, округ халқының санын арттыруға күш саламын.
7. Округтегі кәсіпкерлер, шаруа қожалықтарымен тығыз байланыста болып, ауылдың мәдени, қоғамдық жұмыстарына белсенді араласуларын ұйымдастырамын.

Жариялау ақысы кандидатқа үгіт жүргізуге бөлінген жергілікті бюджет қаражаты есебінен төленді

САҰЛАУ 2024

ОЙЫЛ АУДАНЫ ҚАРАОЙ
АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМДІГІНЕ
ҮМІТКЕР

**СҰЛТАНОВ АЙБЕК
ӨТЕГЕНҰЛЫНЫҢ
ӨМІРБАЯНЫ**



Сұлтанов Айбек Өтегенұлы, 1988 жылы 9 қыркүйекте Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Қараой ауылында дүниеге келген. 1994 жылдың 1 қыркүйегінде Қараой орта мектебіне қабылданған.

2002 жылы «Ақтөбе облыстық мамандандырылған физика-математика мектеп интернатына» қабылданып, 2005 жылы мектепті аяқтаған.

2005 жылы Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университетіне түсіп, 2009 жылы «Машина жасау» мамандығы бойынша бітірген.

2009 жылы Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Сарбие ауылы, Қаракөл негізгі мектебіне мұғалім болып қабылданып, 2012 жылға дейін қызмет атқарған.

2012-2020 жылдар аралығында Қараой ауылдық округі әкімінің аппаратында бас маман қызметін атқарған.

2020 жылдың 1 маусымынан бастап, Қараой ауылдық округінің әкімі қызметін атқарып келеді. Отбасылық жағдайы – үйленген.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті сайлаушылар!

Мен, Сұлтанов Айбек Өтегенұлы, Ойыл ауданы Қараой ауылдық округі әкімдігіне үміткер ретінде Сіздердің қолдауларыңызға ие болсам, төмендегідей өзімнің сайлауалды бағдарламамды жүзеге асыруға жұмыстанамын:

Қазақстан Республикасының заңдарының Қазақстан Республикасы Президентінің жыл сайынғы Жолдауларында және Қазақстан Республикасы Үкіметімен бекітілген салалық іс-шаралар жоспарының орындалуын жүзеге асыру бағытында қызмет жасаймын, оның ішінде:

Ауыл шаруашылығы саласында мал азығын молайту, суармалы егісті дамыту, ауыл тұрғындарының ауыл шаруашылығы кәсіпкерлігімен шұғылданып, өздерінің табыс көздерін ұлғайтуына қолдау көрсетемін;

Кәсіпкерлік қызметті дамытып, ауыл шаруашылығындағы салалық мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру үшін жұмыс жасаймын;

Салық және бюджетке төленетін төлемдердің уақытылы толық түсуін қамтамасыз ете отырып, олардың ауылдың қажетті салаларын дамытуға бағытталуына күш саламын;

Табысы төмен әлеуметтік жағынан аз қамтылған азаматтарға және мүгедектер мен қарттарға қолдау көрсетіп, оларға жергілікті бюджет қаржысы есебінен тегін қызмет түрлерін кеңейтуге ат салысамын;

Ауыл тұрғындарын жұмылдырып, елді мекенді абаттандыру, жарықтандыру, көгалдандыру және санитарлық тазалау жұмыстарын іске асыруға көңіл бөлемін.

Бұқаралық спортты тұрғындар арасында насихаттауды жүргізе отырып, «Салауатты Қазақстан» азаматтарының қатарын көбейтуге күш саламын.

Аймақтағы денсаулық, білім, мәдениет саласының жұмысын үнемі қолдап, олардың материалдық-техникалық базасының нығаюына ықпал етемін;

Ауыл жастарының көкейтесті мәселелерін оңтайлы шешіп, жастарды ауылдық жерде тұрақтандырып, Қазақстан Республикасының белсенді патриотын тәрбиелеу жұмыстарын белсенді жүргізетін.

Құрметті жерлестер!

Президентіміздің ел басқару тұтқасын халыққа берілуіне қолдау көрсете отырып, баршаңыз сайлауға қатысып, менің сайлауалды бағдарламамды қолдап дауыс беруге шақырамын.

Жариялау ақысы кандидатқа үгіт жүргізуге бөлінген жергілікті бюджет қаражаты есебінен төленді

САҰЛАУ 2024

ОЙЫЛ АУДАНЫ ҚАРАОЙ
АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМДІГІНЕ
ҮМІТКЕР

**ТӨРЕМҰРАТОВ МӘУЛЕН
ОРАЛҰЛЫНЫҢ
ӨМІРБАЯНЫ**



Төремұратов Мәулен Оралұлы 1986 жылдың 1 маусымында Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Кемер ауылында дүниеге келген.

1992 жылы Ә.Дербісалин атындағы қазақ орта мектебіне қабылданып, 2003 жылы аталған мектепті бітірген. 2003-2007 жылдар аралығында Алматы экономика және статистика институтында «Қаржыгер» мамандығы бойынша жоғары білім алған.

Еңбек жолын 2007 жылы Ойыл почта торабында оператор болып бастаған. 2008 – 2009 жылдар аралығында Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімінде жетекші маман болып қызмет атқарған.

2009 – 2012 жылдары Ойыл аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінде бас маман болып қызмет атқарған.

2012 – 2020 жылдар аралығында Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімінде бас маман болып қызмет атқарған.

2020 жылдың 1 маусымынан 1 желтоқсан аралығында Ойыл ауданы әкімі аппаратында бөлім басшысы болып қызмет атқарған.

2020 – 2021 жылдары Ойыл ауылдық округі әкімінің орынбасары қызметін атқарған.

2021 жылдан бастап Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімінің басшысы қызметін атқаруда.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті ауыл тұрғындары!

Қазақстан Республикасының заңдарының Қазақстан Республикасы Президенті мен үкіметі актілерінің орталық және жергілікті органдардың нормативтік құқықтық актілерінің орындалуын жүзеге асыру үшін қызмет жасаймын.

1. Кәсіпкерлік қызметті дамытып, шаруа-фермер қожалықтарын ұйымдастырып, ауыл шаруашылығына арналған мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру үшін жұмыс жасаймын.

2. Ауыл шаруашылығы бойынша мал азығын молайту, суармалы егіс егу жұмыстарын өндіріске енгізуге қызмет жасаймын.

3. Табысы төмен әлеуметтік жағынан аз қамтылған азаматтарға және мүгедектер мен қарттарға қолдау көрсетіп, оларға жасалатын қызмет түрлерін кеңейтуге ат салысамын.

4. Елді мекенді абаттандыру, жарықтандыру, көгалдандыру және санитарлық тазалау жұмыстарын іске асыруға көңіл бөлемін.

5. Аймақтағы денсаулық, білім, мәдениет саласының жұмысын үнемі қолдап, олармен түрлі ұйымдастыру жұмыстарын кеңінен жүргіземін.

6. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің уақытылы толық төленуін үйлестіруге атсалысамын.

Жариялау ақысы кандидатқа үгіт жүргізуге бөлінген жергілікті бюджет қаражаты есебінен төленді

КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫН ТІРКЕУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗУШІЛЕРДІ ДАЯРЛАУ ҚАҒИДАЛАРЫ ӨЗГЕРДІ

2024 жылғы 23 сәуірден бастап еліміздің мамандандырылған ХҚКО-ларында көлік құралдарын тіркеу барысында міндетті нотариаттық куәландырылған көлікті сатып алу-сату шарттарын қабылдайтын болады. Бұл ретте мәміленің жазбаша нысаны жойылады. Бұл өзгерістер мемлекеттік қызмет көрсету кезінде ашықтықты қамтамасыз етуге бағытталған. Айта кетейік, егер азаматтар қайта тіркеу үшін көлікті сатып алу-сату мәмілелерін нотари-

алды куәландырғысы келмеген жағдайда, олар екінші деңгейдегі банктердің қосымшалары арқылы көлік құралын онлайн қайта рәсімдей алады. Сонымен қатар, 23 сәуірден бастап жүргізуші куәлігін алуға үміткерлер емтиханды тек автоматты бітіргеннен кейін ғана тапсыра алады. А және В, сондай-ақ А1 және В1 санатындағы куәліктерге үміткер жүргізушілердің өзін-өзі даярлау арқылы емтихан тапсыруына мүмкіндік беретін тармақтар

емтихандарды қабылдау және жүргізуші куәліктерін беру қағидаларынан алынып тасталды. Енгізілген жаңашылдықтар көлік құралдарын тіркеу және есепке алу, сондай-ақ жүргізушілерді даярлау қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енуінің арқасында мүмкін болды. Бұл әкімшілік процестердің тиімділігін арттыруға және жол қозғалысы қауіпсіздігінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін қажет. Өзгерістер "Жол қозғалысы туралы" Қазақстан Республика-

сы Заңының ережелеріне негізделіп, ҚР ІІМ Әкімшілік полиция комитетімен әзірленді. Қағидаға барлығы 53 түзету енгізілді. Түзетулер жария талқылаудан, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптамадан өтті және ІІО мен "Атамекен" ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасының қызметі жөніндегі қоғамдық кеңеспен мақұлданды. "Азаматтарға арналған үкімет" барлық көлік иелері мен жүргізуші куәлігін алуға үміткерлерді жаңа ережелермен танысуға кеңес береді.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «QazServiceGroup», БИН 101140017843 сообщает о приостановлении деятельности по оказанию услуг технического обслуживания газопотребляющих систем и газового оборудования в Актобинской области, Уиилский район с 01 мая 2024 года. Заключенные договора просим считать недействительными.

Вопросы принимаются в течение одного месяца со дня опубликования объявления по адресу: Республика Казахстан, пр.312 стрелковой дивизии 22 каб.126, тел.: 87132741632; 87132741633 вн.7509.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.



Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабаты
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1409 дана. Тапсырыс 553 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

